



## Торғай геоглифтерін салушылардың ізімен...

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында Коғстанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы «Тарихи-мәдени мұраны зерттеу, реставрациялау және қорғау орталығы» КММ үй-ымдастыруымен «Торғай геоглифтерін салушылардың ізімен» тақырыбында әдістемелік семинар өтті. Семинарга ЖОО оқытушылары мен студенттер, тарихшы мамандар, Арқалық, Аманкелді, Торғай мұражайларының қызметкерлері қатысты.

Тарихи-мәдени мұраны зерттеу, реставрациялау және қорғау орталығының басшысы Бекболат Балабекұлы мен философия ғылымдарының кандидаты, АрқПИ профессоры, тарих және өнер факультетінің деканы Гүлбарышын Спанқызы бастап берген семинарда Торғай геоглифтарын ең алғаш тауып, әлемдік қауымдастыққа жария еткен Дмитрий Дей, археологиялық зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкери Рауан Байдалы, педагогика

ғылымдарының магистрі Баубек Аймаханұлы т.б. қызықты баяндама жасады.

Бұгінде бүкіл әлем ғалымдарының қызығушылығын туыдышып отырған Торғай геоглифтері әлі кунге дейін құпиясын ашпай келе жатқан тылсым жерлердің бірі. Семинарга қатысқан археолог ғалымдар институттың тарих мамандығының білім алушыларын жазғы демалыс уақытында осы геоглифтерді зерттеу мен археологиялық қазба жұмыстарына қатысуға шақырды.

Археолог ғалымдар мен өлкетанушы зерттеушілер семинардан кейін Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында болып, өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерге қатысты жәдігерлермен танысып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Батырлан САҒЫНТАЕВ, Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық мұражайының ғылыми қызметкери